

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШАРАП ШЕБЕРХАНАСЫ

Ортағасырлық Ақтөбе қаласы Шу өзенінің орта ағысында, оған құятын Ақсу, Қарабалта, Сарғаяу өзендерінің бойында орналасқан.

Ұзын қорғанды ескерткішке жататын қала үш бөліктен: цитадель, шахристан және рабадтан (шаруашылық аймағы) тұрады. Шаруашылық аймағының сыртын бірнеше шақырымға созылған бірнеше жалдар коршап жатыр. Қала өмірі негі-зінен орталық төбенің айналасындағы шаруашылық аймағында шоғырланған. Осы территорияда құрылыстың құланды қалдықтары үлкенді-кішілі төбе болып жатыр. Олар 1980 жылы ұшақпен түсірілген макро, микро карталарда көрсетілген¹. Кейбір жекеленген төбелер 8-10 дейін тізбектеліп орналасқан. Олардың арасында жалғасып жатқан тұрғын-жай-

лар да ұшырасады. Бір-біріне өте жақын төбелердің ұзына бойы сілемдерді құрап жат-қандары да бар. Арапарын жалдар жалғап жат-қан бірнеше төбелердің орталары кейде ашық аланды келген. Әртүрлі көлемдегі шаршыларға бөлінген аланың көбіне бұрышында орналас-кан төбелерді жалдар байланыстырып тұр. Осындай аланы бар төбелердің айналасынан көптеген арықтардың іздерін байқауға болады. Арықтардың ені 0,8–1,2 м, терендігі 0,1–0,5 м дейін барады. Мұндай аланы бар төбелер қаланың орталық бөлігінен батыста, онтүстік-батыста жиі кезде-седі. Қаланың осы бөлігінде Ақсу мен Қарабалта өзендерінен тартылған ірі арықтардың ізі сакталған². Қаланы ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесі де осы жағынан келеді.

¹ Шәлекенов У.Х. V–XIII ғасырлардағы Баласагұн қаласы. Алматы: Жібек жолы, 2007. 89 б.

² Грошев В.А. Ирригация Актобе (Чуйская долина) // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата: Изд. КазГУ, 129-137-бб.


Сондыктан суармалы шаруашылық тікелей қатысы бар төбелердің біріне 2007 жылы зерттеу жұмыстары жүргізілді³.

Қазба қаланың орталық бөлігі цитадельден онтүстік-батыста, шаруашылық аймағында, қаланың көршілген жалдардың біріне жақын, шетін жағалай арық іздері коршап жатқан көлемі 70x65 м алғаның солтүстігінде орналасқан шығыстан батысқа созылып жатқан ұзындығы – 23 м, ені – 14 м, биіктігі – 1,5 м тебеге салынды. Айналасында сакталған екі шеті үйлген арықтардың ені – 1 м, терендігі шамамен – 0,4 м. Тәбе өсім-діктер мен шым қабатынан тазартылғаннан кейін, – 0,5 м терендіктен құрылыш қалдықтары және құланды қам кірпіштер шыға бастады.

Жұмыс барысында өндіріс орны болған, яғни шырын жасайтын шеберхана қызметін атқарған бөлмелердің қалдықтары толық ашылды. Қабырғалары әлемнің төрт тарағына бағытталған ұш бөлменден тұратын төртбұрышты құрылыштың ұзындығы – 12,3 м, ені – 5,5 м (1-сурет, 1). Пахса мен қам кірпіштен тұрғызылған қабырғаларының қалындығы

– 1–1,2 м, сакталған биіктігі – 0,5–0,6 м. Айналасындағы жерден едені біекте жатқан бөлмелерге кіретін есік орындары сакталмаған. Құрылыштың солтүстік қабырғасының батыс бұрышында көлемі 1x0,65 м қаланды қа-быргадан шығып тұр. Және де солтүстік-шығыс бұрышында солтүстікке қарай кеткен құрылыштың жалғасқан қалдықтары сакталған. Алды ашық бөлме ретінде салынуына қарағанда, бұл құрылыш алдындағы бастырмaga ұксайды. Бөлмелер ашытуына қарай батыстан шығыска қарай нө-мірленді.

Құрылыштың батысындағы 1-бөлменің көле-мі – 3x1,3 м. Бөлменің солтүстік қабырғасының жиегінде еденге төсөлген 4 қыш кірпіш сакталған. Шығыстан батысқа қарай ұзындықта төсөлген күйдірілген кірпіштердің өлшемі – 34,5–35x18–19x3,5 см. Кірпіштерді алебастр ерітіндісі арқылы бір-біріне тығыз қиуластырылған. Ал қалған бөліктеріндегі кірпіштер сакталмаған, яғни, алғынған. Қабырға жиегі де қырынан қойылған қыш кірпішпен айналдырылған. Оған бөлменің онтүстік-батыс бұрышындағы қырынан қойылған қыш



1-сурет. 1 – 2007 ж. ашылған шеберхана; 2 – 1979 ж. ашылған шеберхана (М. Елеуов бойынша)

³ Шәлекенов У.Х., Нұржанов А.Ә., Ақымбек Е.Ш. Ортағасырлық Ақтөбе (Баласагұн) қаласында 2007 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулердің есебі // Э. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрагаты. Алматы, 2008.

кірпіштің сынығы дәлел. Бөлме едені шығыс қабырғаның ортасындағы келесі бөлмеге ететін кішкентай тесікке қарай 10 см еніс.

Ортадағы 2-бөлменің көлемі – 3,8x3 м. Бөлменің шығыс, онтүстік қабырғаларында ені 0,4 м, биіктігі 0,3 м сыпа (сәкі) сақталған. Едені 1,5–2 см қалындығтағы лаймен сыланған. 1 мен 2-бөлмелердің арасында қалындығы – 0,6 м қабырға өлшемі – 41x21x10; 42x22x9–10 см қам кірпіш-терден қалаңған. Қабырға ортасында 1-бөлмеден келетін тесіктің екінші шетіне қыштан жасалған бір құбыр қойылған. Қабырғадан көрініп түрған құбырдың ұзындығы – 39 см, қабырғаның ішкі жағындағы шетінің диаметрі – 14,8 см, екінші шетінің диаметрі – 12,4 см, қабырғасының қа-лындығы – 0,6–1,9 см. 3,2 см еніс орналастырылған құбырдың тұсында, яғни қабырға жиес-тінде еденмен бірдей деңгейде 1x0,9 м көлемдегі алаң қыш кірпіштермен (34,5–35x18–19x3,5 см) төсөліп, шеттері қырынан қатарластырыла қо-йылған қыш кірпіштермен жиектелген. Олар 8–10 см биіктікте шығып тұр. Кірпіштердің арасы алебастр ерітіндісімен тығыз қиуластырылып, қырлары мен бұрыштары сыланған. Алаңның батыс шетінің ортасында ернеуі еденмен бірдей үлкен құм көмілген. Құмның ішкі биіктігі – 94 см, ернеуінің диаметрі – 49 см, ішкі түбінің диаметрі – 27 см, бүйірінің шығындық жерінің ішкі диаметрі – 70 см.

Құрылыштың шығысындағы 3-бөлменің көлемі – 3,2x3 м. Бөлменің батыс қабырғасындағы ені – 1,2 м, онтүстік қабырғасындағы ені – 0,8 м, биіктіктері – 0,2–0,3 м сыпа орындары нашар сақталған. Батыс сыпаның орта жағынан диаметрі 45 см болатын ошак орнынан өртенген ағаш пен күлдің қалдықтары шықты. Бөлменің беткі қабатынан тандыр ошақтың сынықтары, казан мен келіге ұқсас ыдыс кездесті.

Құрылыштың онтүстік қабырғасының сыртында 2 м дейін құланды қабырға жатыр.

Құрылыштағы бөлмелер жүзім сығып шырынын (бекмес) алатын шеберхана ретінде қолда-нылған. Барлық үш бөлме де шырын дайындаумен немесе шарап пен шырынды сақтаумен байланысты. Шарап жасау үрдісі 1 және 2-бөлмелерде жүргілген.

Алғашында 1-бөлмені жүзімге толтырып сыйқаннан кейінгі шырыны құбыр арқылы ағып келіп 2-бөлменің батыс қабырғасы жиегіндегі еденге көмілген құмға құйылған.

Құрылыш осы қаладан 1979 жылы жеке төбеге жүргілген қазбадан аршылған шарап жасайтын шеберханаға (XI–XII ғғ.) ұқсас⁴ (1-сурет, 2) Жобасы, салыну құрылышы бірін-бірі қайталайды. Көлемінде айырмашылық болғанымен жасалу құрылымы бірдей. Бұгінде ол шеберхана Ақсу су коймасының астында қалған.

Қазба барысында көптеген қыш ыдыстар шықты. Олар негізінен құм, құмыра, казан, саптыаяқ және қақпактар.

Саптыаяқтар. Цилиндрлі-конус, кесіліп төңкерілген конус тәрізді, шарықта жасалынған, бірқалыпты күйдірілген, ашық қызыл, қызылт-сары түсті. Цилиндрлі-конус тәрізді саптыаяқтың қабырғасы ішке сәл иіліп ернеуленген жиегінің диаметрі – 12,4 см, биіктігі – 5,6 см, түбінің диаметрі – 5 см (2-сурет, 3). Осындағы саптыаяқ ортағасырлық Ақтөбе 1 қаласының (Қырғызстан) XI–XII ғғ. қабатынан шыққан⁵. Тұп жағы жазықтау келген саптыаяқтың кесілген конус тәрізді түбінің диаметрі – 5,6 см (2-сурет, 2). Пішіні төңкерілген жазық конус сияқты, тұтқасы ілмек тәрізді, сыртқа сәл иілген ернеуінің диаметрі – 16 см, биіктігі – 7 см, биік тұғырлы түбінің диаметрі – 4,6 см (2-сурет, 1). Осындағы саптыаяқтар 1985 жылы шахристанды жүргілген қазбадан шыққан⁶.

Шырақ. Қолмен жасалынып, бірқалыпты күйдірілген. Аласа кіші ыдыс түріндегі шырақтың ернеу жиегінің диаметрі – 8 см, биіктігі – 3,3 см (2-сурет, 5).


Табақ. Шарықта жасалынып, бірқалыпты күйдірілген, ашық сарғылт-қызыл түсті. Аласа, түбі жазық табак қабырғалары сәл иіліп тік біткен ернеуінің диаметрі – 20 см, биіктігі – 4,5 см (2-сурет, 4).

Қазандардың тұтқасы. Бітеге доға тәрізді тұтқалар казанға жапсырылып, екі ұшы саусақпен бастырылып бекітілген (3-сурет, 1-2, 4). Есілген жіп секілді бірінің жарты ай тәрізді келген тұтқасы

⁴ Елеуов М. Раскопки средневековой мастерской на городище Актобе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. 57-61-бб.

⁵ Бубнова М.А. Средневековое поселение Ак-тобе 1 у с. Орловки // Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе, 1963. 13-сурет, 87, 91.


⁶ Шәлекенов У.Х. Отчет археологическое изучение Чуйской долине (1985 г.) // КР БжФМ Э. Х. Марғұлан атындағы Археология институты мұраграты. Алма-Ата, 1986. 27-41 бб.



2-сурет

қазанға жапсырылып бекітілсе (3-сурет, 3), доға тәрізді екінші бір тұтқаның екі үші, бойы саусак ұшымен бастырылып бекітілген (3-сурет, 5). Қазанның ернеуі. Бүйірі шар тәрізді қазанның ішке иіліп келіп тік біткен ер-неуінің үсті тегіс (3-сурет, 6). Қазандардың бір-неше түрі кездесті, барлығы шарықта жасалынған, құрамына құм қосылған, бірқалыпты күйдірілген, бүйірі шар тәрізді олардың бір-бірінен айырмашылығы ернеуі мен тұтқаларында. Аузы көң қазанның айқұлақты тұтқалары жапсырылып бекітілген, ішке иілген ернеулерінің диаметрі – 20 см (3-сурет, 7, 10). Доға тәрізді тұтқасы саусак ұшымен бастырылып бекітілген казан ернеуінің диаметрі – 20 см (3-сурет, 8). Сөл ғана дөңестеніп бекітілген тұтқасының қырында саусакпен басылған ойыкты толқындары бар қазан ернеуінің диаметрі – 19,5 см (3-сурет, 9). Доға тәрізді тұтқасы есілген жіп секілді қазан 1986 жылы цитадельге жүргізілген қазбаның X–XII ғғ. қабатынан шыққан⁷.


Қақпақ тұтқаларының бірнеше түрі табылды. Олар: үсті тегіс, түбінен жоғары кішірейген, (4-сурет, 1), үсті тегіс цилиндр (4-сурет, 2), үстінің ортасы ойылған цилиндр (4-сурет, 3; 6), үсті деңес цилиндр (5-сурет, 9) тәрізді қақпактар және сопақша келген екі бетінің ортасы ұстаяға ыңғайланып саусакпен бастырылған (4-сурет, 5; 5-сурет, 10) немесе тесілген (4-сурет, 4) қақпактар. Кейбір қақпак тұтқаларының үстінде қамыс тұтікшемен бастырылған шенберлі сзығы (5-сурет, 9) және косу (+) үлгісіндегі сзықтары (4-сурет, 5; 5-сурет, 11) бар. Тұтқасының үстінде айқастырылған сзығы бар қақпақ 1988 жылы шахристанға жүргізілген қазбаның IX–XIII ғғ. қабатынан кездескен⁸. Қақпақтар. Қолмен және шарықта жасалынған, кейбіреулерінің құрамына құм қосылған, бірқалыпты күйдірілген. Қақпактардың көбі тегіс, тек біреуі ғана қайқы келген (5-сурет, 8). Өрнектелуінде де ерекшеліктер қөп: 1. Үсті мен жиегі толық өрнектелген қақпактар (4-сурет, 8–11;



3-сурет

⁷ Шәлекенов У.Х. Отчет. Археологическое исследование Чуйской долины и Восточного Казахстана (1986 г.) // КР БжФМ Э.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мұрағаты. Алма-Ата, 1987. 8-б. 9-сурет, 5.

⁸ Шәлекенов У.Х. Отчет. Археологическое исследование Чуйской долины (1988 г.) // КР БжФМ Э.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мұрағаты. Алма-Ата, 1989. 5 б. 7-сурет, 4.




4-сурет

5-сурет, 4-7;). 2. Үсті өрнектелген қақпактар (4-сурет, 5-6; 5-сурет, 1, 8, 10). 3. Жиегі өрнектелген қақпактар (4-сурет, 1; 5-сурет, 2, 9, 11). 4. Өрнектелмеген қақпактар (4-сурет, 12; 5-сурет, 3). Өрнектер түтікшемен, қатты затпен және саусақпен сызып, батырып, бастырып салынған, есімдік және геометриялық ұлгіде болып келеді. Бастырма өрнектер салынған қақпактар да кездеседі. Қақпактардың диаметри – 15,5-38,5 см. Қақпактар-

дынысынықтары қазбадан шықкан заттардың жартысын (48%) құрайды. Қақпактар қаланың X-XII ғғ. қабатынан көп кездеседі⁹.


Кұтының ернеуі. Шарықта жасалынып, бірқалыпты күйдірілген. Иықты, мойны аласа, ер-неуі сыртқа қайырылған, аузы кең құты ернеуінің диаметрі – 12 см (6-сурет, 1).

Козелердің ернеуі. Барлығы шарықта жасалынып, бірқалыпты күйдірілген. Бүйірі шығынды



5-сурет

⁹ Шәлекенов У.Х. Научный отчет раскопки средневекового городища Актобе в 1978 году // КР БжФМ Ә. Х. Мар-ғұлан атындағы Археология институты мұрагаты. Алма-Ата, 1978. 57 б. 20-сурет.




6-сурет

көзенің ұзын келген мойнына көлдененнен жапсырылып бекітілген ұзынша түйіннің ортасы сау-сакпен бастырылып белдеушеленген (6-сурет, 2). Бүйірі сөл шығынқы, мойны қысқа көзенің тік біткен ернеуінің диаметрі – 18 см (6-сурет, 3). Шығынқы бүйірі сөл ғана иықтанып кең ауызданған көзенің ішке кірінкі ернеуінің диаметрі – 17 см (6-сурет, 4).

Құмыралар. Барлығы шарықта жасалып, бірқалыпты құйдірілген, сарғылт-қызыл, акышыл түсті. Кең бүйірі иықтанып барып жуан мойнына жалғасқан құмыра ернеуінің диаметрі – 9,6 см. Ілмек тәрізді тұтқасының жоғарғы жағы мой-нына, төменгі жағы иығына бекітілген. Тұтқа-сында көлдененнен диаметрі – 0,4 см тесік бар (6-сурет, 5). Бүйірі кең, ұзын мойынды құмыраның тік біткен ернеуінің диаметрі – 10,8 см. Ілмек тәрізді тұтқасының жоға-

ргы жағы мойнына, төменгі жағы иығына бекітілген (6-сурет, 6). Шарап жасайтын шеберханадан 5,5 м батыста жатқан үлкен құмыраның бүйірі шар (сфера) тәрізді (бүйірінің диаметрі – 37 см), қысқа мойны аузына қарай кеңіген. Ернеуіндегі суағары сыртқа қарай дөңгеленіп шыққан. Ілмек тәрізді тұтқасының жоғарғы жағы мойнына, төменгі жағы иығына бекітілген (7-сурет, 1).

Келіге үқсас ыдыстар. Шарықта жасалынып, сапалы құйдірілген. Қабырғасы қалып, түбі терен ыдыстардың тіктеу біткен ернеулерінің диаметрі – 20 см, ернеуінен төмен сыртында екі қатар сызықтары бар (7-сурет, 2-3). Бұтіндеу бірінің биіктігі – 19,6 см. Тұғыр тәрізді түбінің жиегі және тұғырының қабырғага жалғасқан жері саусақ ұшымен бастырылып өрнектелген (7-сурет, 3). 1979 жылды ци-



7-сурет

тадельден 0,6 км шығыста орна-ласқан X–XIII ғғ. басына жататын төрткүлге жүргізілген зерттеу жұмыстарында түбі саусақ ұшымен бастырылып өрнектелген келіге ұқсас ыдыстар жиі ұшырасқан¹⁰.

Олай болса, қыш заттардың сараптамасы шарап жасайтын шеберхананы XI–XII ғғ. жатқызады.

Шу және Талас өнірі ертеортағасырда жүзім өсіру, шарап жасау ісімен айналысқандығы жазба-ша деректерде кездеседі¹¹. Мұны Қостөбедегі (Джамукат) тұрғын-жайдан (VIII–IX ғғ.) табылған ой-мышты өрнек сылағындағы жүзім сағы мен жапырағы дәлелдей түседі¹². Оның үстіне бұған дейін де Құлан (Луговой) Б тұрғын-жайынан бекмес (жүзім шырынын) дайындастын шеберхана¹³, Төмөнгі Ба-рысханнан шарап өндірісі¹⁴, Сарық (Сарыг) рабадынан екі шеберхана¹⁵ ашылған.

Археологиялық қазба нәтижесінде ашылған шарап жасайтын шеберханаға тікелей катысы бар айналасындағы төбелерді зерттеу алдағы жылдар-

дын еншісіне қалып отыр.

Резюме

Статья посвящена раскопкам винодельческой мастерской на средневековом городище Актобе, которое датируется XI–XII вв. н.э.

Summary

The article summarizes results of the excavation of wine master manufacturing, excavated in the Medieval city of Aktobe which is dated to the XI–XII centuries AD.

¹⁰ Шәлекенов У.Х. Научный отчет об археологических раскопках на средневековом городище Актобе в 1979 году // КР БжФМ Ө. Х. Марғұлан атындағы Археология институты мұрагераты. Алма-Ата, 1980. 21 б. 25-сурет, 17; 29-сурет, 12, 13.

¹¹ Зуев Ю.А. Китайские известия о Суябе // ИАН КазССР: Серия истории, археологии и этнографии. Алматы, 1960. Вып. 3(14). 90-93-б.; Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата: Наука, 1972.

¹² Байтаков К.М., Терновая Г.А. Резная глина Жетысу. Алматы: Credo, 2004. 5-19-бб.

¹³ Байтаков К.М. Раскопки средневековой мастерской в Семиречье // Вестник АН КазССР. 1964. №7. 88-91-бб.

¹⁴ Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата, 1972. 68 б.

¹⁵ Бернштам А.Н. Чуйская долина // МИА. 1950. №14. 44, 46-бб, VII-кесте, 5, 90-б.